



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Шұбарқұдық кенті
Желтоқсан, 8
2020 ЖЫЛҒЫ 15.04

№ 80

поселок Шубаркудук
ул. Желтоқсан, 8
2020 год

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы


Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 48-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жалпы көлемі 0,9821 га құрайтын 5 жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес аныкталсын.

2. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі



Ж.Қалмағанбетов

Темір ауданы әкімдігінің
2020 жылғы «15» «04»
№ 80 қаулысына қосымша

Саудада (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің
тізімін бекіту туралы

p/c	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1.	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,3000	үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Қызылжар мөлтек ауданы
2.	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,1000	көлік жуу ғимараттарын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Теріскей көшесі бойынан
3.	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2000	Газ құю бекетін орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Ақтөбе-Атырау тас жолы бойынан (Байғанин ауданына шыға беріс жолдан)
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0821	үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Асау барак көшесі бойынан
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,3000	құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарши кенті, Қаз ССР 50 жылдығы көшесінен